



Тағылымы мол тарту

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерей тойына арналған мекемелер арасында хор байқауы өткізілді.



Бұл сайысты Переметный ауылы әкімдігі, аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы, аудандық мәдени-демалыс орталығы, ардагерлер және қоғамдық келісім кеңесі ұйымдастырды.

Іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен хор ұжымдары екінші кезеңде өзара сынга түсіп, сайыс шартына сәйкес қатысушылар патриоттық және еркін тақырыпта бір-бір

әненн шырып, жалпақ жұртшылықты тәтті етті.

Сонымен тартысты өнер додасында аудандық карттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық әлеуметтік мекеме қызметкерлері, жұмыспен қамту бөлімі, колледж ұжымы ІІІ, білім беру бөлімі мен балалар саз мектебі, «Достық» мәдениет

үйі ұжымы ІІ орын алса, Қ.Аманжолов мектебі ұжымы І орынға ие болды.

Шара соңында аудан әкімінің орынбасары Асылұлан Досжанов жылғы халықты айтулы жылмен құттықтап, жетімпаздарға арнайы дипломдар мен сыйлықтар тарту етті.

Динара БЕРІШ

Балғындар үш тілде сайрады

Аудан орталығындағы балабақшада балғындар арасында «Менің Отаным – Қазақстан» мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Бүлдіршіндерді патриоттыққа баулып, өнерлерін шыңдауды мақсат тұтқан байқауда балабақша мектепшісі Татьяна Савченко атаулы мерейтоймен құттықтап, кішкентай сайыскерлерге сәттілік тіледі.

Балғындар сайыс барысында үш тілде өлең оқып, көпшілікті тәтті қылды.

Динара ТІЛЕКҚЫЗЫ



Меншік иесі:
«Жайық Пресс» ЖШС
бас директор
Жантас Набиоллаұлы Сафуллин

«Жайық Пресс» ЖШС
Зеленов филиалы
«Ауыл тынысы» Зеленов аудандық
қоғамдық-саяси газетінің
директор-редакторы:
Самал Жолдығалиқызы Жаметова

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 19.01.2012 жылы тіркелген. Тіркеу нөмірі №12262-Г

Мекен-жайымыз: 090600
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы, Переметный ауылы,
Гагарин көшесі, 85

Телефондар: **Редактор: 22-3-74**
Жауапты хатшы: 40-0-64
Бұқгалтерия (факс): 23-4-12
Біздің электронды поштамыз:
E-mail: auyltynysy@mail.ru
[http:// www.zhaikpress.kz](http://www.zhaikpress.kz)
*) белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет Зеленов аудандық «Ауыл тынысы» газеті редакциясында компьютерлік әдіспен теріліп, беттелді.
«Жайық Пресс» ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1

Газет аптасына 1 рет шығады
Көлемі 2 баспа табақ
Индекс: заңды тұлға — 66793
жеке тұлға — 65793
Тапсырыс: **20**
Таралымы: **2760 дана**

Домбыра тартуды үйренгіңіз келсе...

Елу жылдық тарихы бар аудандық балалар саз мектебі ағымдағы жылдың күз айында мерейтойын атап өтпекші. Бүгінгі таңда мерейтой аясында көптеген маңызды істер қолға алынды.

Осы орайда, әрі Елбасының «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру аясында, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған «Балалар саз мектебіндегі оқу-тәрбие жұмысының басым бағыттары» атты аудандық семинар ұйымдастырған болатын. Маңызды шараға жиналғандар алдымен аудандық кітапхана ұжымы әзірлеген «Мәңгілік ел», «Балалар сөзі», «Саз өнері» бөлімдері бойынша көрмені тамашалады. Одан әрі республикалық, облыстық,

аудандық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты «Елмұра» ансамблінің орындауындағы «Балбырауын», Арынгазының «Арынгазы» күйлерін тыңдап, семинардың бірінші бөлімі бойынша іске кірісті.

Жалпы, саз мектебінде дәріс алушы шәкірттерді өнерлі тұлға етіп тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі орасан зор. Теориялық бөлім барысында Л.Қажығалиева, Т.Ефремова,

Т.Милехина, Н.Ильменева, А.Молдағалиева, С.Дергунова сынды педагогтар, ата-аналар комитетінің мүшелері А.Г.ұмарова, Н.Сажиналар баяндамалар оқыды. Ал, келесі бөлімде бір топ ұстаздар бала тәрбиелеудегі өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, шеберліктерін көрсетті.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай мектебімізде іс-шаралар жоспары жасақталған болатын. Мәселен, біздің ұжым балалар мен жасөспірімдерге хорда ән айтуды, ал жастарымызға домбыра тартуды тегін үйретуді бастап кетті, дейді аудандық саз мектебінің директоры Ләззат Қажығалиева.

Айшабибі МӘМЕТ



Егемен елдің еңсесі биік

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстанның құқықтық жүйесі демократиялық және құқықтық мемлекет талаптарына лайықты қалыптасып, тиімді жұмыс жасауда.

Еліміздің қазіргі сот жүйесі азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын, мемлекет пен ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін сот арқылы қорғауды қамтамасыз етудің талаптарына сай келеді.

Қазақстан бүгін әлем елдері таныған іргелі мемлекетке айналды. Еліміздің конституциялық құрылысы нығайғандығын, саяси және құқықтық іргетасын одан әрі беріктете түскендігін халықаралық қауымдастықта қол жеткізген жетістіктерінен, оның дүниежүзінің бәсекеге қабілетті елдерімен терезесін теңестіріп, экономикалық және саяси әлеуетін жылдан-жылға күшейте түскенінен де байқауға болады. Мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуы әлемдік қауымдастық алдындағы беделі мен жауапкершілігін арттыра түсті.

Бүгінде елдігіміз демократиялық, құқықтық жағынан одан әрі жетілу, өркендеу дәуіріне қадам басты. Елімізде

сот билігін әлемдік стандарттарға жақындатылуы, заңдардың ізгілендірілуі, соттардың мамандандырылуы және сот сатыларының оңтайландырылуы жүзеге асуда.

Егемендік тізгіні қолға тиген кезден бастап, сот жүйесінің тәуелсіздігі мен оның ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз ететін талай іргелі істер атқарылып, қазіргі заман талабына сай көптеген озық технологиялар енгізіліп жатыр. Олардың ішінде Электронды үкімет Порталы халық пен биліктің жұмысы сапасының артуына ықпал етіп, тиімді, ашық, әрі азаматтарға қолжетімді бола түсті. Электронды үкімет мемлекеттік органдарда кезекте тұруды қысқартуға және анықтамалар, куәліктер, рұқсат беруші құжаттарды алу жолын жеңілдетуге және тездетуге мүмкіндік берді.

Сот жүйесіне жаңа технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетіп, қағазбастылық пен төрешілдік кедергілерді жою үстінде. Осының бәрі-тәуелсіздіктің, ел егемендігінің арқасы.

Ербол НҮРСУЛТАНОВ,
№2 аудандық сотының судьясы

Ауыл тынысы

Зеленов аудандық қоғамдық - саяси газеті
Газет 1940 жылғы 16 қарашадан шығып келеді

№ 20
(7654)
СЕНБІ
14 МАМЫР
2016 ЖЫЛ

Мерейтой

Айналдым елім, Қазақстанным!

Кең байтақ сайын даламызға сырлы сазымен сән беріп жүрген шаһарымыздағы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы ұлттық және классикалық, қазіргі заманғы музыканы насихаттауға, ұлттық әншілік дәстүрді дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан ұлағатты ұжым.



Сонау 1966 жылдың 25 қаңтар айында ашылған аталмыш ұжымға 1996 жылы Қазақстанның халық артисі, әнші Ғарифолла Құрманғалиевтің есімі берілген болатын.

Елмен бірге біте қайнасып, өнер бесігінде талайды тамсандырып тербетіп келе жатқан филармонияның құрылғанына биыл 50 жыл толып отыр.

Елу жылдық тарихи жолында көптеген өнер белестерін бағындырған ұжым мерейтойларынмен қатар Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Айналдым елім, Қазақстанным!» атты концерттік бағдарламаларымен әр ауданға өнер сапарымен шығуды жөн көрген екен.

Кеше біздің өңірімізге ат басын тіреген өнерпаздар аудан жұртшылығының көңілін бір серпілтіп тастағаны рас. Ұлы күйші Құрманғазының «Серперімен» түрілген кеш одан әрі «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Еркін Нұрымбетовтің «Ақжайық поэмасымен» жалғасын тапты.

Сондай-ақ, Дәулеткерей атындағы

Қазақ халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен сахнада елге танымал әншілер тамаша өнер көрсетті. Тінін тарқаталық, ән өнерінің дүлдүлі, айтыскер акын, жыршы-термеші Қатимолла Бердіғалиевтің орындауындағы «Естайдың термесі», «Туған ел» әндерін тыңдаған халықтың ықыласы айрықша болды.

Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері Мұрат Әмірханов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Жұмағанның Рахимова, Қанатқали Қожақов, ҚР Мәдениет кайраткері Ермек Қазиев, Сағадат Рахметжанов, халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты Айбар Хайрханов және тағы да басқа өнерпаздар сахнаға көтеріліп ән-күй шырқап, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған кеш барысында аудан әкімінің орынбасары Асылұлан Досжанов атаулы өнер ұжымының елу жылдық мерейтойымен құттықтап, аудан халқы атынан ризашылығын білдірді. Сонымен бірге, аудан әкімінің алғыс хаты мен естелік сыйлықты Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның директоры Қалдырболат Мұсағалиевке салтанатты түрде тарту етті.

Айшабибі МӘМЕТ

Әп, бәрекелді!

Ісі үлгі - елге сыйлы

Олар ауданымыздың қоғамдық өміріне белсене араласып, еліміздің игілігі жолында тер төгіп, жарғақ құлақтары жастыққа тимей тынымсыз еңбектенді. Еңбегі еленген, елге сыйлы олардың жүріп өткен жолдары кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Хош делік, халқы қадір тұтқан - Есенгелді Киргенов, Махмет Мұсақұлов, Любовь Шмариналарды «Зеленов ауданының Құрметті азаматы» атағына бірауыздан лайықты деп таныды аудан жұртшылығы.

«Құрметті азамат» атағын иеленген үш кісі де өңірдің өркендеуіне септігі мол тұлғалар.

Бүгінгі таңда бейнетті еңбектің зейнетін көріп отырған еңбек ардагерлері - Есенгелді Киргенов, Махмет Мұсақұловтар осы уақытқа дейін әмәнда жақсы қырынан көрініп келді. Ал, ұлағатты ұстаз болған, бірқатар лауызымды орындарда абыроймен қызмет атқарған Любовь Шмарина қазіргі уақытта

аудандық қоғамдық кеңес төрайымы.

«Өрқайсыңыздың еңбек және өмір жолдарыңыз үлкен құрмет көрсетуге лайық. Жас буынға тамаша үлгі бола білдіңіздер», - деген аудан басшысы Кәрім Жақыпов жоғарыда есімдері аталған жандарға алғыс хат ұсынып, кеуделеріне төсбелгі тақты.

Ал, ауданымыздың Құрметті азаматтары қатарын толықтырғандар өз кезегінде әркез қолдау көрсетіп, азды-көпті еңбектерін елегендері үшін еліне ақжарма әктілектерін жаудырды.

Өз тілшіміз



Жаңғырық

Ерлік — ұрпаққа ұран



Жеңіс күні Көрім Жакыпов аудан орталығында тұрып жатырған соғыс ардагерлері Қабдисат Ізбасов, Екатерина Необутова, Ақум Жүкин, Макар Дорошенколардың үйлерінде болды.

-Аяқталғанына 71 жыл толса да соғыс салған жара орны жазыла қоймады. Сіздер Отанымызға қиын күн туғанда қолдарыңызға қару алып, елді қорғадыңыздар. Бүгінгі ұрпақ соғыс ардагерлерінің ерлігін ешқашан ұмытпайды. Біздің бақытты шағмыыз

сіздердің арқаларыңызда келді. Отбасыларыңызға бақыт пен байлық, өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық және ұзақ ғұмыр тілеймін,- деген құттықтауын жеткізген Көрім Кәрімоллаұлы ардагерлерге облыс әкімі Алтай Көлгіновтың алғыс хаты мен «Юнисерв» компаниясының қаржылай сыйлығын, аудан әкімдігі атынан берілген қол сағат және басқа да сыйлықтарды ұсынды. Мұндай құрметке разы болған ардагерлер аудан әкіміне ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді.


«Ерлік істер ел есінде» атты салтанатты жиын аудан орталығындағы «Жеңіс» саябағында ауқымды түрде өткен болатын.

Қатары күн санап сиреп бара жатқан ардагерлерге ел болып құрмет көрсетілді. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, өлім мен өмірдің тайталасын көрген тарландардың ерлігіне қандай құрмет көрсетсек те артық етпейді.

Сұрапыл соғыста құрбандар саны фашистік Германиядан әлденеше көп болғанымен, Кеңес Одағы жеңіске жетті. Бұл бабалардың қанымен, ананың көз жасы, табан ақы, маңдай терімен келген жеңіс. Талай боздақ жат жерде жан тапсырды. Қазақстаннан 2 миллионға жуық адам әскер қатарына шақырылса, соның жартысына жуығы

майdan даласынан қайтпай қалды. Жиын жат жерден топырақ бұйырған боздақтар мен қазір арамызда жоқ батырлар құрметіне ұйымдастырлған «Мәңгі өлмейтін полк» шеруімен басталды. Аудан орталығының басты көшесімен ұрандата өткен «Мәңгі өлмейтін полк» түрлі-түсті жалаушалармен безендірілген орталық саябаққа енген соң зұлмат соғыста каза болғандар алдында бас иіп, Отан үшін жанын пида еткендерді бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Содан соң аудан басшысы қуаныш пен қайғы жасы қатар келетін Жеңіс күні мерекесімен көпшілікті құттықтады. Кейін аудандық қорғаныс істер бөлімі басшысы Ғабділжәлел Ниязалиев пен жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық басшысы Нұржан Ешмұратов сөз алып, ардагерлерге жүрекжарды лебіздерін білдірді. Осыдан кейін аудан басшылары мен ауыл тұрғындары Даңқ ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Салтанатты жиыннан соң барлық ардагерлер мен тұрғындар солдат ас үйінен дәм татып, аудан өнерпаздары дайындаған мерекелік концертті тамашалады.

Жеңіс атты жалғыз ауыз сөзде қаншама терең мағына жатыр. Кез келген істің, қандай күрестің де басты мақсаты жеңіске жету болғанымен, кешегі Ұлы Отан соғысындағы үлкен Жеңістің орны айрықша



Ұлы Жеңіс күні- елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған батырларды ел болып еске алар күн.

Осы мерекені дарияндықтар ауыл орталығындағы «Жеңіс» саябағында қарсы алды. Жиын барысында сөз алған аудандық мәслихат хатшысы Рамазан Исмағұлов баршаны мерекемен құттықтады. Ал, соғыс ардагері П. Старов пен еңбек ардагері М. Рычкова көрсетіліп жатырған құрметке риза екендіктерін айтты. Кейін шекарашылар мен мектеп оқушылары сап түзеіп, ардагерлер мен қадірлі қонақтар алдынан мерекелік маршпен өтті.

Жиналғандар соғыстан оралмай қалған сарбаздарды бір минуттық үнсіздікпен еске алып, жауынгерлер рухына арналып қойылған ескерткішке гүл шоқтарын қойды.



Балғын ойыншылардың бабы жақсы

Елбасының бұқаралық спортты дамытуды қолға алу керектігі жайында айтқан тапсырмасын іске асыру мақсатында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі түрлі спорттық шаралар ұйымдастырып тұрады.

Сондай спорттық жарыстардың бірі аудан орталығында оздырылған жас футболшылар сайысы. 2000-2001 және 2002-2003 жылдары туылған жас аяқдопшылар сынға түскен жарысқа аудан округтерінен келген бірнеше команда атсалысты. Қорытындысында 2000-2001 жылғы футболшылар арасында ІІІ орынды Камень мектебі, ІІ орынды Новенький бозбалалары еншілесе, аудан чемпионы атаған Переметный мектебінің ойыншылары қанжығасына басты. Ал 2002-2003 жылдары туылған футболшылар бөсекесінде ІІІ орынды өздерінен екі жас үлкен ағаларымен таласқан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 2005 жылғы ойыншылардан құралған командасы еншілесе, ІІ орын белестіктерге, ал І орын Қасым Аманжолов атындағы мектеп командасына бұйырды. Жарыс барысында өздерін жақсы қырынан таныта білген ойыншылар мен жеңімпаз командаларға бағалы сыйлықтар мен мақтау қағаздары табысталды.

Досымның қос жүлдесі

Достық ауылының боксшылары екі бірдей халықаралық турнирден жүлделі оралды.

Оның алғашқысы Ақтөбе қаласында оздырылған бокстан Азия және әлем чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңірген спорт шебері Галиб Джафаровтың жүлдесіне арналған турнир. Осы байрақты бөсекте жерлесіміз Досым Дүйсенғалиев ІІІ орын иеленді.

Аудан боксшылары бақ сынаған екінші жарыс Ақжайық ауданындағы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған халықаралық турнир. Өңіріміздің аудандары мен Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары, Орал қаласы және көршілес Ресей Федерациясының спортшылары қатысқан шаршы алаң бөсекесінде Мырзағали Сағынтаев ІІІ орын иеленсе, Досым Дүйсенғалиев І орыннан көрінді. Асхат Рыспаев пен Ербол Сарбасов сияқты жас бапкерлерден тәлім алып жүрген спортшыларымыз аудан атын әлі талай жарыста шығаралы деген сенімдемиз.

Он самбошының тоғызы жүлдегер

Орал қаласында дәстүрге айналған «Жас динамош» атты ашық қала біріншілігі ұйымдастырылды.

2004-2005, 2001-2002 жылдары туылған жас самбошылар сайысына өңіріміздің аудандарынан бөлек, Ақтөбе, Атырау облыстарынан келген жеткіншектер қатысты. Үш күнге созылған жас палуандар жарысында бақ сынаған аудан спортшылары намысты қолдан бермеді. Байрақты бөсекте боз кілемге шыққан Н. Тынышбаев, Д. Намазов, О. Асхат сынды палуандар үшінші, М. Есенғалиев, Е. Тынышбаев пен М. Мұхамбетияровтар екінші орыннан көрінсе, Р. Жолдасов, Д. Шүйіншікалиев және Е. Есжанов сынды талай бөсекте оза шапқан өрендер қарсыластарының барлығын қоғадай жапырып, турнир жеңімпаздары атанды. Аталмыш жарысқа аудан атынан барған он самбошының тоғызы жүлдегер атанды.



Аудан орталығында волейболдан ардагерлер арасында спорт шеберлігіне үміткер, ұзақ жылдар бойы ауданымызда еңбек еткен, облыс көлеміне танымал спорт жанашыры Марклен Зейнеұлы Үмбеткалиевті еске алуға арналған турнир өтті.

Жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімі аппаратының басшысы Мұрат Залмұқанов, аудандық мәдениет,

сында атқарған жұмыстары туралы естеліктерімен бөлісті.

Ал, жарыста ауданның бірнеше округінен келген командалар айналмалы жүйе бойынша сынға түсті. Бір-біріне дес бермей, әр ұпай үшін жан алыса тартысқан ардагер ойыншылардың алаңдағы шалт қимылдарымен көрермен қауымның көшеметіне не болып жатты. Осылайша

тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Бибігүл Ахметжанова, спорт ардагері Геннадий Терехов және Марклен Зейнеұлының замандас досы, облыстық спорт мектебінің әдіскері Валентин Каракужиев келіп, марқұмның білім беру, спорт саласында атқарған жұмыстары туралы тартыс пен эмоцияға толы болған турнир қорытындысында зеленйлық ардагерлер үшінші, Янайкин командасы екінші орыннан көрінсе, бірінші орын мен ауыспалы кубокты Переметный ардагерлері жеңіп алды. Сондай-ақ жарыс барысында тамаша ойын өрнегімен көзге түскен Вячеслав Курганов «Үздік қорғаушы», Владимир Харкин «Үздік байланыстырушы», Сергей Наконечный «Үздік ойыншы» аталымдарын еншілесе, жарыстың «Үздік шабуылшысы» аталымын спорт ардагері және жарыстың ең егде қатысушысы Иван Юнусов қанжығасына байлады. Бұдан бөлек, басқадан осалдау болғанымен есесін оңай бермеген Переметный ауылының екінші командасы жеңіске деген жігері үшін аталымын еншіледі.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге мақтау қағаздары мен медальдар және естелік сыйлықтар табысталды. Болашақта аталмыш жарыс дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын болады.

Дайындаған Түгелбай БИСЕН, Динара НАСЫР

Намыс - дода

Жерлес каратэшілер жеңімпаз

Аудан орталығында аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі мен ҚР каратэ спорты федерациясының ұйымдастыруымен «Жеңіс күніне» арналған каратгден халықаралық турнир өтті. Жарысқа балалар мен жасөспірімдер, ересектер қатысты.

Барлығы 11 команда, 160 спортшы бақ сынаған байрақты жарыста Орал қаласынан «Дзан-шин», «Батыс», «Атамекен» спорт клубтары, Бөрлі ауданының құрамасы мен Ақсай қаласының командалары және Ресей федерациясы Самара қаласының «Виктория» клубының каратэшілері мен Железнов, Мичурин, Янайкин, Белес, Новенький ауылдарының балға аяқты, балта жұдырықты спортшылары бақ сынады. Ал, турнирдің бас төрешісі 5 дан кара белбеу иегері Фархад Жалмұрзин болды.

Сонымен намысты доданың қорытындысында, жалпы командалық есепте Ресейлік қонақтар үшінші орыннан көрінсе, «Дзан-шин» клубының спортшылары екінші, Зеленов командасы бірінші орынды иеленді.

Жерлестерімізден, өз жас ерекшеліктері бойынша Э.Дусупова, Ж.Есболова, Б.Сұлтангерей, Н.Феодосов, Э.Оңғарова, Н.Әділгерей, Р.Өтешқалиев, З.Нығметов, А.Көбеева, А.Есенова, Т.Ешмұханбетов, Н.Сеннов, А.Рүстемовалар чемпион атанды.

Дзюдошы қыздарға сенім мол

Орал қаласында дзюдо күресінен 2001-2002 жылдары туылған жасөспірімдер арасында облыс чемпионаты мәреге жетті.

Өңіріміздің барлық аудандарынан келген 200-ден астам балғын татами шеберлерінің жарысында аудан намысын қорғаған Қ. Мұратова мен Г. Файзулиева финалға дейін алқынбай шыққанымен, ақтық бөсекте сүрінді. Білікті банкер Раушан Есенғалиевтің қол астында жаттығып жүрген палуан қыздар соңғы кездері жақсы өнерімен қуантуда. Алдағы уақытта дзюдошы қыздарымыз бұдан да биік жарыстардың жүлделеріне қол созады деген сенім мол.

«Көктемгі бағдарлау-2016»

Облыс орталығында жазғы спорттық бағдарлаудан ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Көктемгі бағдарлау-2016» жарысы аяқталды.

Аталмыш сайыста 6 үшінші, 4 екінші, 5 бірінші орын иеленген ауданымыздың командасы жарыстың жалпыкомандалық бірінші орыннан жеңіп алды. Сондай-ақ, командалық эстафетада да алдына жан салмаған аудан командасының бапкері Серік Хайруллин өте жоғары деңгейде өткен жарысқа барлық аудандар мен Орал қаласынан келген 13 команда, 250 спортшы қатысқандығын айтады. Бұл дегеніміз спорттың осы түріне қызығушылықтың артып келе жатырғандығының көрінісі.

Есімі ел есінде



Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне медальдар мен дипломдар, ал жеңімпаз командаларға арнайы кубок табысталды.

Поздравляем!

Енаке Лиану Сергеевну с первым днем рождения!

Желаем тебе много солнца и света, Пусть ясными, мирными будут рассветы, Чтоб сильно любили тебя папа с мамой. Играть с тобою всегда вечерами, И чтобы к тебе приходили подружки. Родители чтоб покупали игрушки, Сегодня тебе ровно год отмечаем И свечу на торте задуть предлагаем.

С/п: крестная мама Валерия, сестренка Айзара, Джарденгалиевы, Нурталиевы.

УТЕРИ

Утерянный диплом о техническом профессиональном образовании серии ДН №380527, выданный в 1983 году Зеленовским СПТУ №13 на имя Власенко Галины Николаевны, считать недействительным.

Утерянный акт приемочной комиссии, выданный решением комиссии по легализации от 20 ноября 2006 года №849 о приемке легализованного объекта строительства в эксплуатацию по адресу: Зеленовский район с.Зеленое, Чапаева,72, выданный на имя Кенжесова Сырыма Сантовича, считать недействительным.

отца

Ульянов ЖОББМ ұжымы Болат Сағынұлы Мұсалымовке

ағасы

Оразғали Сағынұлы Мұсалымовтің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ульянов ЖОББМ ұжымы Гүлзара Сағатқалиқызы Жанғазиеваға

әкесі

Сағатқали Қабдисәтұлы Ізбасовтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Бетті дайындаған Түгелбай БИСЕН, Гүлжан АЯЗБАЕВА

Отан қорғаушылар шеруі

Аудан орталығындағы «Жеңіс» саябағында Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Шараға аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысының орынбасары Аманжол Құбашев, интернационалист жауынгер Андрей Каверин, мектеп оқушылары қатысты. Жиын барысында Аманжол Жұмабайұлы жиналған қауымды қос мерекемен құттықтады. Содан соң ортаға шыққан оқушылар отан қорғаушыларға арнаған әсем әндерін орындап, тамаша өлеңдерін арнады. Кейін қатысушылар мәңгі алауға гүл шоқтарын қойып, екінші дүниежүзілік соғысынан оралмаған сарбаздарға тағзым етті. Шара шымылдығы болашақ Отан қорғаушылардың парадымен жабылды.



Құлаққағыс

Мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 433-V Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес келесі толықтырулар «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңына енгізілді:

1. Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар заңнамаға сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен емес көлемде төленеді (01.01.2016 ж. бастап ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері - 22859 теңге).

Психоневрологиялық аурулары бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар заңнамаға сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде төленеді.

Жоғарыда аталған өзгерістер мен толықтырулар 2016 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

С. ТӨЛЕГЕНОВ,
ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-кон комитетінің БҚО бойынша департаментінің басшысы

Өнер

Талантқа шек жоқ

Жуырда ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Орал өңіріндегі балалар туризмінің 55 жылдығына арналған «Шырқаған жастық шақ. Поющая молодость» атты бард әндерін орындаушы жастар фестивалі өтті. Талантты жастарды анықтап, авторлық әнді насихаттау және әдеби-музыкалық

жанрдың ерекше түрі бард әндеріне деген қызығушылықты ояту мақсатында ұйымдастырылған өнер сайысы быыл да аудан округтерінен келген өнерлі жастардың басын қосты. Фестивалде Табылды Досымов пен басқа да бардтардың және қатысушылардың өздері шығарған



Об изменениях и дополнениях в вопросах защиты прав инвалидов

Согласно Закону Республики Казахстан от 3 декабря 2015 года № 433-V «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав инвалидов» (далее – Закон) были внесены следующие дополнения в закон Республики Казахстан от 16 июня 1997 года «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту в Республике Казахстан»:

1. Лицам, проживающим в медико-социальных учреждениях (организациях) общего типа в условиях стационара и находящихся на полном государственном обеспечении, государственные социальные пособия по инвалидности и по случаю потери кормильца будут выплачиваться в объеме 30 процентов от размера пособия, назначенного в соответствии с законодательством, но не ниже прожиточного минимума, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете (размер прожиточного минимума с 01.01.2016 г. - 22859 тенге).

Лицам, проживающим в медико-социальных учреждениях (организациях) для лиц с психоневрологическими заболеваниями в условиях стационара и находящихся на полном государственном обеспечении, государственные социальные пособия по инвалидности и по случаю потери кормильца будут выплачиваться в объеме 30 процентов от размера пособия, назначенного в соответствии с законодательством.

2. Детям-инвалидам с нарушением опорно-двигательного аппарата, проживающим в медико-социальных учреждениях (организациях) в условиях стационара и находящимся на полном государственном обеспечении, государственные социальные пособия по инвалидности и по случаю потери кормильца будут выплачиваться в полном объеме.

Кроме этого были внесены дополнения в закон Республики Казахстан от 21 июня 2013 года «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан»:

1. Государственная базовая пенсионная выплата будет приостанавливается на период проживания получателя, находящегося на полном государственном обеспечении, в государственных медико-социальных учреждениях (организациях) в условиях

департамента комитета труда, социальной защиты и миграции Министерства здравоохранения и социального развития РК по ЗКО

Мереке

Ардагерлер «Аққу» тойханасында

Женістің 71 жылдығына орай Дариян ауылындағы «Аққу» тойханасының менгерушісі Жаңылсын Ақмуриева соғыс және тыл ардагерлеріне дастархан жайып, құрмет көрсетті. Мерекелік дастархан басына жиналған қариялар мен кеуаналарды құттықтай келген округ әкімі Болат Ерболатов: - Сұрапыл соғысты көрген ардагерлер мен ұлғат жылдары тылда еңбек еткен аға ұрпаққа қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Біздің бақытты балалық шағымыз бен қазіргі ұрпақтың бейбіт өмірі үшін аянбай еткен еңбектерініз еш уақытта ұмытылмайды. Барлықтарыңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін,-деген тілегін білдірді.

Дастархан басында еңбек ардагері Галина Гарбузь: - Соғыс жылдары кішкене бала болсақ та үлкендермен қатар жүріп еңбек еттік. Қарымыз тойып ас ішпесек жер елдің амандығы үшін тәзімділік таныттық. Әкелеріміз бен ағаларымыз соғыс даласынан оралмады. Таннан қара кешке дейін өлшеніп берілер нан үшін еңбек еттік,-деп соғыс оты шарыған балалық шағын есіне түсіріп, көзіне жас алса, Любов Қадирова: - Соғыстан қайтпаған солдаттар мен тыл еңбеккерлері қазіргі ұрпақтың бақытты өмірі үшін күресті. Қазір ардагерлерге жақсы көңіл бөлінуде. Ел қамын ойлар Елбасымыз бар. Аспанымыз ашық, еліміз тыныш. Осындай бақытты ғұмырымызға тәубе дейміз,-деді.

Үстел басында ауыр күндердегі естеліктер тиегін ағытқан ардагерлер тамаша кеш ұйымдастырған тойхана ұжымы мен ауылдық округ әкімдігіне ризашылықтарын білдірді.

Гүлжан АЯЗБАЕВА

Нет у памяти границ

В Дарьинской школе состоялся фестиваль военно-патриотической песни «Нам этот мир завещано беречь». Фестиваль начался с минуты молчания, которой участники и гости почтили память погибших в годы войны. На фестивале звучали песни и стихотворения о войне в исполнении ребят из ЕДЮО «Жас Ұлан», «Жас Қыран», совета старшекласников. Участники фестиваля различными атрибутами и костюмами постарались создать атмосферу праздника. Все они были награждены

В. РУМЯНЦЕВА,
И. ПОДОБЕДОВА

Ерлердің еңбегі еленді

Аудан орталығында Отан қорғаушылар күні кенінен аталып өтілді.



Жеңіс саябағында сап түзеген аудандық ішкі істер бөлімі мен аудандық өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері, Қ.Аманжолов атындағы мектеп пен Переметный орта мектебінің оқушылары салтанаттың сәнін кіргізді. Жиынға қатысқан аудан әкімі Кәрім Жақыпов:

- Тәуелсіз еліміздің қорғаныс қуаты жылдан-жылға арта түсуде. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жастарға арнаған бір сөзінде: «Елінің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан төртіді сығып жүріп, еңбек ет. Егеменді елдің иесі өзін екенінді ұмытпа!», – деген еді.

Өріне, ер-азамат үшін Отан қорғаудан құнды еш нәрсе жоқ! Еліне шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің аткарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады, - дей келе аудан халқын Отан қорғаушылар күнімен құттықтады.

Сонымен бірге аудандық қорғаныс істері бөлімінің әскерге шақыру бөлімшесінің басшысы Владимир Мяснойды ҚР Қорғаныс Министрілігінің III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапаттап, аудандық қорғаныс бөлімі мен өрт сөндіру бөлімі қызметкерлеріне алғыс хат берді.

Сондай-ақ, аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы Ғабділжәлел Ниязалиев та айтулы мерекенің құттықтап, аумақтық қорғаныс шараларына белсене қатысып, жауапкершілік танытқаны үшін аудан әкімі Кәрім Кәрімовлаұлына халық қаһарманы «Б.Момышұлының туғанына 100 жыл» медалін, аудан әкімінің орынбасары Амангелді Тоғызбаевқа, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Еркін Қуанышқалиевке БҚО қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басшысы А.Жакияевтың атынан алғыс хат табыстады.

Жыиен одан әрі аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Д. ҒҰМАР

Ең үздік өндіруші

Таяуда «Бәйтерек» холдингісі мен «Даму» фондының ұйымдастыруымен Астана төрінде «Қазақстанда жасалған» атты форум мен көрме өткізілген еді.

Көрмеге 300-ге жуық отандық компаниялар өз өнімдерін ұсынған екен. Еліміздің барлық өңірінен ұсынылған тауарлар ішінде ұн, сүт өнімдерімен қоса, жиһаз, киім, құрылыс заттары, техникалық құрылғылар да қойылған.

Аталмыш көрмеге Белес ауылында орналасқан «Белес-агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысқан болатын.

Сайып келгенде, олар Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрлігінің министрі Әсет Исекешевтің орта бизнестегі «Ең үздік өндіруші» грамота-

сымен марапатталды. Сондай-ақ, «Қазақстанда жасалған» көрмесіне белсенді қатысқаны үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ басқарма төрағасы Қаныш Төлеушиннің атынан дипломға ие болды.

Динара ҒҰМАР



Мәміленің мәртебесі

Ауыл шаруашылығын дамытуда мораторидің маңызы зор

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам – Ұлт Жоспарын-да» еліміздің жер қатынастары мәселесіне аса көңіл бөлінген.

Осы орайда 35-ші және 36-шы қадамдар бойынша мынадай міндеттер белгіленген: «Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу», сондай-ақ «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту рәсімдерін жеңілдету. Ауыл шаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру».

2015 жылдың 2 қарашасында Елбасы «100нақты қадам – Ұлт Жо-спарын» іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР-ның №389-V Заңына қол қойған болатын. Заңның негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке беруді ынталандыру бо-лып табылады, атап айтқанда:

1) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аукцион-дар арқылы жеке меншікке беру.

2016 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекет меншігіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ҚР-ның азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларына тек қана жеке меншік құқығымен ақылы негізде аукци-ондар арқылы мынадай кезекпен беріледі:

1) жер учаскесінің кадастрлық құнын арттыруды көздейтін аукци-он арқылы,

- егербірінші кезекпен көзделген екі аукционның нәтижесі бойынша жер учаскесі сатылмаса, онда ол жер учаскесінің кадастрлық құнымен бекітілген төменгі деңгейге дейін (кадастрлық құнының 50%) төмендетуді көздейтін аукционға қойылады.

2) Жалға берілген жер учаскелерін сатып алу бойынша жеңілдік шарттарын беру.

Еліміздің азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларына аталған Заңның қолданысқа енгізілуіне дейін ша-руа немесе фермер қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін бұрын берілген ауыл шаруашылығы жер учаскелерін пайдалану (жалдау) құқығының мерзімі аяқталғанға дейін жеке меншікке оның кадастрлық (бағалау) құнының 50% мөлшеріне қарай айқындалатын жеңілдік бағамен және төлеу мерзімін 10 жылға дейін ұзартып сатып алуға құқық

берелі.

Егер уақытша жер пайдала-нушы жер учаскесін не оның бір бөлігін сатып алу құқығын жал-дау мерзімі аяқталғанға дейін белгіленген тәртіппен іске асыр-маса, оның жер учаскесіне не оның бір бөлігіне жер пайдалану құқығы тоқтатылады және жер учаскесі не оның бір бөлігі одан әрі сауда-саттықта (аукциондар-да) сату үшін мемлекет меншігіне қайтарылады.

Сонымен қатар, шаруа немесе фермер қожалығын және тауар-лы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін төлеу мерзімін ұзартып не жеңілдікті бағамен жер учаскесін бұрын сатып алған Қазақстан Республикасының аза-маттары мен мемлекеттік емес заңды тұлғалары 2016 жылғы 1 шілдеге дейін жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнының кемінде елу пайызын төлеген кез-де, ол үшін қосымша төлем ма-стан, осындай жер учаскесінің меншік иелері болады.

3) Жер үлестерін шаруашылық серіктестіктердің жарғылық ка-питалына салым ретінде немесе өндірістік кооперативтерге жар-на ретінде берген осы үлестің иелерінің құқықтарын қорғайтын норма көзделген.

Жер учаскесін жеке меншікке сатып алу бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, шаруашылық серіктестіктерге қатысушылар және өндірістік кооперативтердің мүшелері қатысушылар (мүшелер) құрамынан, жер учаскесінің нақтылы шекарасындағы үлесін алуды немесе басқа шаруашылық қатысушылардың оның құнын төлеуді қоса алғанда, шығуға құқылы.

4) Жалда жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін пайда-лану бойынша шектеулерді алып тастау.

Шаруа немесе фер-мер қожалығын және тау-арлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес жер пайдаланушылары өздеріне тиесілі уақытша жер пайдалану құқығын уәкілетті ор-ганды хабардар ету шартымен, жер учаскесі меншік иесінің келісімінсіз, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға) беруді қоспағанда, жер учаскесін жалдау шартының мерзімі шегінде жер пайдалану құқығын сатып алмай иеліктен шығаруға (сатып алу-сату, сыйға



тарту, айырбастау және т.б.) және беруге құқылы.

5) Ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатын өзгерту рәсімін алып тастау.

Аграрлық сектор субъектілеріне әкімшілік кедергілерді алып та-стау және шығындарды азайту арқылы қолайлы жағдай жасау мақсатында ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты объектілер салу кезінде және шаруашылық ету нысанын ауыстырған кез-де жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту барысы алынып тасталады.

Осы орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өткен жылғы ма-мыр айында Үкіметтің кеңейтілген отырысында жердің әр метрі тиімді пайдаланылуы тиіс және мемлекет осыған үнемі мониторинг жасауды бір жүйеге түсіруі қажеттігін ерек-ше атап өткен болатын. Сонымен қатар, жер қатынастарын ескірген формадағы тиімсіз жүйеде жүргізу – жердің өндірістік факторы по-тенциалын тежеп отырғанын ше-гелеп айтқан болатын, себебі жер Қазақстанның негізгі байлығы, халықтың өмір сүру ахуалының басты көзі болып саналады.

Бұл жер заңнамасының маңызды енгізілімдері жер қатынастары са-ласын тиімді реттеуге өз ықпалын тигізетініне сеніміміз мол. Алайда ҚР-ның Жер кодексіне енгізілген өзгерістер халық арасында дұрыс түсінушілік пен алаңдаушылық туылды. Жуырда ғана Елбасы аталған өзгерістердің күшінеуеніне мораторий жариялаған болатын. Сонымен бірге елде жүргізіліп отырған бес институционалдык ре-форма дағдарысқа қарсы кешенді жоспар болып саналатынын атап өтті. Демек, мораторидің ел эконо-микасы мен ауыл шаруашылығын дамытуда маңызы зор.

Қайрат ТӨЛЕГЕНОВ,
аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы

Ақпараттар ағыны

Амбулаториялық пункт ашылды

Трекин ауылына қарасты Жайық елді мекенінде амбулаториялық пункт ашылды.

Халыққа әркез тиімді медициналық шұғыл көмек ұсынуды көздеген ауыл әкімі аппараты, Дарин аудандық ауруханасының директоры, аудандық мәслихат депутаты Ғабитжан Исламов бұл ескі ғимараттың іші-сыртын жөндеп, ел игілігі үшін амбулаториялық пунктты ашқан болатын.

Салтанатты шараға қатысқан аудан әкімі Кәрім Жакыпов: - Әр тұрғынның денсаулығын жіті қадағалап ұдайы басты назарға ұстау міндетіміз, – деп ел қуанышымен ортақтасты.

Енді жергілікті тұрғындардың денсаулықтары сыр бере қалған жағдайда бірден осы жерде алғашқы көмек көрсетілімек. Жағдайы жайласқан орында тәжірибелі фельдшер Гүлсара Димешева халық үшін аянбай қызмет көрсететін болады.

Су жаңа «темір тұлпар»

Жуырда Чувашка мектебінеоқушыларды тасымалдауға жаңа көлік берілді.

Ел қуанышына аудан әкімінің орынбасары Амангелді Тоғызбаев, аудандық білім беру бөлімінің басшысы Серік Сафиуллин куә бол- ды. Салтанатты жиында сөз алған Амангелді Кәрімұлы мамыр айының атаулы мерекелерімен құттықтап мектеп директоры Григорий Козловка су жаңа көліктің кілтін табыстады.

-Мектеп ұжымы, оқушылардың және ата-аналардың атынан алғысымды білдіремін. Өтінішіміз аяқ-асты қалмады. Балалардың қуанышында шек жоқ, – деді Григорий Григо- рьевич.

Шара одан әрі мерекелік концертке ұласып, шәкірттер мың бұрала билеп, әуелете ән шыркады.



Мұнтаздай таза ауыл

Ауыл ішін абаттандыру, қоғалдандыру мақсатында жыл сайын тазалық айлығы жа- рияланып, әр демалыс күні сенбіліктер өткізу дәстүрге айналған. Таяуда Дариян ауылының тұрғындары сенбілік ұйымдастырды. Ауылдағы барлық мекемелер мен ұйым басшыларының ұйымдастыруымен өткен сенбілікке тұрғындар, жұмыспен қамту және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының БҚО бойынша филиалы, «Жылжымайтын мүлік орталығы» департаментінің Зеленов аудандық №2 бөлімшесінің қызметкерлері белсене қатысты.

Күрестерін қолдарына алған олар өздері қызмет ететін мекеменің айналасын, ауыл орталығындағы саябақ ішін тазартып, үйенкі, шырша, қарағай сияқты ағаштардың көшеттерін отырғызды. Бұдан бөлек Дариян және Озер- ный ауылдары маңындағы барлық зираттардың төңірегінде жиналған тұрмыстық қалдықтарды жинап, қоршауларын жөндеген сенбілік қатысушылары тазалау жұмыстарын барынша жиі өткізіп тұруға уағдаласты.



Айтулы шараға үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық келісім Кеңесінің мүшелері,этномәдени бірлестіктер,«Ақ- ниет» әжелер ансамбілі мен мектептер- де құрылған «Достық» ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында дәстүрлі іске асырыла- тын шараның мақсаты этносаралық толеранттылықты, қоғамдық келісім мен ішкі саяси тұрақтылықты қолдаудың айрықша рөлін негізге ала отырып, қазақстандық патриотизм мен ел бірлігін, Қазақстан халқының тарихи-мәдени құндылықтарын сақтап, одан әрі дамыту, насихаттау болып та- былады.

Уағдаластыққа қол қойған аудандық

ардагерлер Кеңесі, қоғамдық келісім Кеңесі, «Достық» мәдениет үйі жа- нынан жұмыстанып отырған «Калинуш- ка», «Річенка», «Шатлык» этномәдени бірлестіктері мемлекеттік этносаясат- ты жүзеге асыруға, ұлттық бірлікті қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жетілдіру туралы келісімге келді.

- Ынтымақтастық меморандумы жергілікті өкілетті және атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдардың өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етуді, этносаралық келісім мен қоғамдағы толеранттылықты нығайтуға

үлес қосуды, этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін одан әрі дамытуды, тари- хи тәжірибеге және демократиялық нормаларға сүйенетін қоғамның негізгі құндылықтаржүйесін қалыптастыруды, аудан тұрғындарының саяси-құқықтық, әлеуметтік-адамгершілік мәдениетін дамытуға қолдау көрсетуді, үкіметтік емес сектормен серіктестік қағидатын дәйекті жүзеге асырып, әртүрлі үндесу алаңдарын құруды, бұқаралық іс-шараларды бірлесе ұйымдастырып, «Нұр Отан» партиясының саяси Док- тринасында белгіленген қоғамдағы демократиялық мәдениет пен дәстүрді нығайтуды, барлық этностар мен этникалық топтардың мемлекеттік тілді үйренуіне қолдау білдіруді көздейді, – деген «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынба- ры Нұржан Дүзбатыров қоғам игілігі үшін атқарылатын қандай іске де партияның жоғары жауапкершілікпен атсалысуға мүдделі екендігін жеткізді.

Шарала баяндама жасаған аудандық ішкі саясат бөлімінің бас- шысы Талшынай Жүніс ұлттық бірлікті қалыптастыру мақсатында ауданда атқарылған жұмыстарға кенінен тоқталып, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясындағы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің қабылдануын ерекше атап өтті. Өзге де сөз алған қатысушылар өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылуының маңыздылығына тоқталып, тараптарға табысты еңбек тіледі.

Нүрәлі ЖАПАҚ

Партия қатары толықты

Өткен аптада «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ғимаратында партия мүшелігіне өткен аудан тұрғындарына пар- тия билеттері табысталды.

барлық бағытында алдыңғы орын- да болуымызды міндеттеген. Сіздер де осы сенімді актайсыздар де- ген үміттемін. Партия құрамына қабылданып отырғандардың дені жастар. Ал, жастар – болашақ кепілі,- деді.

Олардың ішінде бөлім басшыла- ры, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалық жетекшілері, өндірістік ұжым мүшелері, қарапайым жұмысшылар,

Динара БЕРІШ



Бірлік

Ынтымақтастық меморандумы бекіді

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы мемлекеттік және аймақтықэтносаясатты іске асыру мақсатында аудандағы этномәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдармен өзара ынтымақтастық ту- ралы меморандумға қол қойды.

Айтайын дегенім...

ҰБТ жақындап келеді. Дайындық қалай?

Санаулы күндерден кейін еліміздегі барлық мектеп түлектері ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырады.



Сынақ жақындаған сайын түлек те ұстаз да қобалжи бастайтыны анық. Өйткені сол бірнеше сағаттық сынақтың көрсеткіші мектеп бітірушінің алдағы өміріне берілер құжат сынды. Барынша көп ұпай жинағаны армандаған оқуына түседі. Дайындығы төмен болған жан мемлекеттік гранттан тыс қалады. Күні бүгінге дейін аудан мектептері бірнеше сынақ өткізіп, түлектерінің ҰБТ-ға дайындығын пысықтап үлгеріпті. Соңғы сынақ қорытындысын айтар болсақ, түлектер жинаған орташа балл 81,6 пайызды көрсеткен. Ау- дан мектептерінің ішінде ең төменгі көрсеткіш Трекин мектебінде екен. Бұл білім ордасының түлектерінің орташа балы 64 болса, ең жоғарғы көрсеткіш володарлық оқушыларға тиесілі, олардың орташа көрсеткіші 106,67 бо- лып отыр.

Міндетті пәндер бойынша сараптап айтар болсақ, аудан оқушыларының қазақ тілінен жинаған орташа балы 19,2, орыс тілінен 16,3, қазақстан тарихынан 17,4, математикадан 12,6, ал таңдау пәні бойынша 15,9 балды құрап отыр. Әр мек- теппе саралайтын болсақ, қазақ тілінен

ең төменгі көрсеткішті Трекин мектебі, жоғары көрсеткішті Раздоль- ный мектебі көрсетсе, бұған дейінгі төмен көрсеткіштерін Володар, Камень, Новень, Белес мектептерінің түлектері жоғарылатқан. Орыс тілі пәніне келер болсақ, бұндағы төмен көрсеткішті Зеленов және Қ. Аманжол- лов мектептері еншілеген. Ал жоғары көрсеткішті Раздольный мен Воло- дар мектептері иеленіп отыр. Қазақстан тарихы- нан төменгі бал жинаушылар Көшім мектебінен шықса, Белес, Володар, Шапов, Переметный мектептерінің түлектері бұл пәннен жоғары балл иеленіп жүр. Әр ҰБТ сайын төмен көрсеткіште тұратын математика пәні бойынша басқалардан аз балды Перво- советск, Дариян қазақ мектебі мен Ма- каров оқушылары иеленіпті. Жоғары балды әдеттегідей Володар және Камень мектебінің оқушылары жинаған. Ал таңдау пәндерінің көрсеткіштері көңіл қоншытпайды. Таңдау пәндері бой- ынша ең төмен балды егіндібұлақтық оқушылар жинаса, жоғары балл Қ. Ахмиров, Переметный мектептерінің түлектері көрсетіп отыр.

Соңғы өткізілген сынақ қорытындысында 241 оқушының 10-ны қажетті 50 балдық межені бағындыра алмаса, «Алтын белгіге» үміткер 8 түлек өздерінің білімдерін көрсете алған. Бұл көрсеткіштердің барлығы жай сынақтардан алынып отыр. Алда өтетін үлкен сын түлектердің шын білімін көрсететін болады.

Түгелбай БИСЕН

Назар аударыңыз!

Террористік актілерді болдырмау жөніндегі халыққа арналған жадынама

Мұқият болыңыздар! Үйіңіздің кіреберісіндегі, ауаларыңыздағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқап аласыздар. **Қырағы болыңыздар!** Манайдағы адамдардың жүріс-тұрысына, орнысыз жатқан иесіз мүліктер мен заттарға көңіл аударыңыздар.

Үйілеріңіздің **қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіздер:** кіреберісте домофонымен темір есік орнатыңыздар, жертөлелер, үй шатыр- лары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексеріңіздер.

Көліктегі жолаушының күдікті жүріс- тұрысын **көріп тұрып, байқамаған сынай танытпаныздар!** Сіздер көлікпен жүру қауіпсіздігін сақтауға толық құқыларыңыз бар.

Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар. Адамдар аз (иесіз) жерде **күдік туыра- тын затты тауып алу** сіздің сақтығыңызды әлсіретуге тиіс емес. Қасқой адам оны бір нәрседен, біреуден қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін.

Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибенің болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және әккі болып келеді.

Күдік тудыратын затқа **жақындамаңыздар,** тіпті қол тигізбеніздер, бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті. Балаларыңызға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сойлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға бол- дырмаңыз.

БҚО діні істер басқармасы, Дін мәселелерін зерттеу орталығы, БҚО білім басқармасы, БҚО мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармаларының ұйымдастыруымен облыстық деңгейде «Діниңді сат- па, салтыңды сақта, сенімді ақта» тақырыбында шығармашылық байқау өткен болатын.

Алты бағыттан құралған байқауға біздің мектебіміздің шәкірттері қатысып бақтарынынады.Әркезшығармашылыққа жаны құштар «Жас дарын» үйірмесінің оқушылары «Бейнебаян» аталымы ба- рысында «Өмірдің ақиқатын іздеген

Білімсіз жасалған құлшылық - тамырсыз талмен тең

Бүгінгі таңда еліміздегі діни аху- ал туралы сөз қозғаған кезде, жа- стар туралы айтпай өту мүмкін емес. Себебі, ел жастарының дінге деген қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Жастардың иманды, дінге жакын болғаны жақсы, әрине.

Алайда, білімнің таяздығынан мақсатында оларға дәстүрлі діндер, оның ішінде ислам діні туралы мейлінше дұрыс мәлімет беру ауадай қажет. Соңғы кезде қаптап кеткен әртүрлі діни ағымдар діниің қасиетін, ерекшелігін, күрделі құбылыс екенін түсінбейді. Діннің талаптарына, тыйымдарына айрықша мән беріп, әрбіреуік мәнін ескермейді. Радикал- ды діни ағымдарға тән сипат олардың біртекейлігі, фанатизмі.

Өркениетті қоғамда дінді ұстанған адам таза жүріп, мемлекетке адал қызмет етіп, білім мен ғылымның жетістіктерін пайдаланып, адамзаттың алға басуларына ықпал етуі қажет. Дінге жүгінуді өз дінімен ғана болу, басқа діндерге немқұрайлы қарау деп түсінбеу керек.

Жастардың діндегі гуманистік құндылықтарды ұстанымына сіңіруі және оны өмірлік негіздеріне айналдыруы ба- сты орынға тұруы керек.

Гүлмира ХАЙРҰЛЛИНА, Шапов ауылының тұрғыны

3) *көшеде, саябақта және т. б.:*

- айналаңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органа- рына шұғыл хабарлаңыз (тел. 102, 112);

- затты бөгде адамдардан оқшаулауға неме- се алыс аралан затқа бөтендерлі жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

4) *мекемелерде, ұйымдарда:*

- тауып алған зат туралы объект күзетшісіне немесе әкімшілігіне дереу хабарлаңыз. Табылған затпен немесе күдік туыра- тын заттармен жеке іс-қимыл жасауға **тырыспаңыз**, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылғаса, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Үзілді-кесілді тыйым салынады:

- табылған затты ұстауға, ашуға және орынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;

- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;

- жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;

- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды ұзып тастауға неме- се тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;

- табылған заңсыз затты пайдалануға;

- оған жақын аралықта радио- және электрілі - аппараттарын, ұялы телефондар- ды пайдалануға.